

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы (2006 жылғы 1 қыркүйектегі)

2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) жұмыс істеді, олардың республика аймақтарында 77 филиалы және 77 өкілдігі бар. Алматы қаласында 11 қор және 1 қордан Қарағанды қаласында («Валют-Транзит Қор» жинақтаушы зейнетақы қор» АҚ), Жезқазған қаласында («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, корпоративтік) және Ақтөбе қаласында («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) бар.

2006 жылғы тамызда заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне лицензиялар берілмеді.

12 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 5 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: "МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ, "Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ, "БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ және "Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ және 2006 жылы 14 тамызда зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия алған «Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: "HSBC Банк Қазақстан" АҚ еншілес банкі, "ЦентрКредитБанкі" АҚ, "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ, "ТЕМІРБАНК" АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, "АТФБанкі"

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны тамызда 92 312 (1,14%-ке) ұлғайып, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 8 209 653 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорда болды: «МЖЗҚ» – 28,64%, «Қазақстан Халық Банкі» – 19,59%, «ҰларҮміт» – 15,27%, «Валют-Транзит Қор» - 8,90% және «БТА Қазақстан» – 7,97% немесе олардың үлесіне салымшылардың (алушылардың) шоттарының жалпы санының 80,37% келеді. Ағымдағы жылғы 1 тамызбен салыстырғанда 5 қордың үлесі 0,10 проценттік тармаққа төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны тамыз айында 41 (0,12%-ке) кеміп, 2006 жылғы 1 қыркүйекте жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 561,1 млн. теңгені құрап 32 983 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: "Сенім" - 58,80%, "ҰларҮміт"- 18,24% және "Капитал" – 14,38% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылар шоттарының жалпы санының 91,42% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары "ҰларҮміт" және «Қазақстан халық банкі» қорларында болды. Ағымдағы жылғы 1 қыркүйектегі салымшылардың жалпы саны 3 698, дербес зейнетақы шоттарда 27,2 млн.теңге болды. Қыркүйек айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 3 шотқа артты.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.09.05ж.	01.09.06.	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	7 299 393	8 209 653	910 260	12,47
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	31 580	32 983	1 403	4,44
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	3 202	3 698	496	15,49
добровольным				

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты тамызда 22 545 млн.теңгеге (2,86%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 810 888 млн. теңге немесе ЖІӨ¹ қатысты 9,29% болды. Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:


(млрд. теңге)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.09.02 ж.	235,9	81,0	52,29
01.09.03 ж.	328,8	92,9	39,38
01.09.04 ж.	436,1	107,3	32,63
01.09.05 ж.	583,8	147,7	33,87
01.09.06 ж.	810,9	227,1	38,90

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының 2002-2004 жылдары төмендеуі байқалды. Бірақ, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 2005 жылғы 1 қыркүйекпен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 5,03 проценттік тармаққа ұлғайып 38,90% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: "Қазақстан Халық банкі" – 219 382 млн. теңге немесе 27,05%, "ҰларҮміт" – 144 477 млн. теңге немесе 17,82%, "МЖЗҚ" – 144 396 млн. теңге немесе 17,81%, «БТА Қазақстан» – 73 516 млн.теңге немесе 9,07% және "ГРАНТУМ" – 54 239 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 6,69%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,44% келді немесе ағымдағы жылғы 1 тамызда салыстырғанда 0,02 проценттік тармаққа төмендеді.

2006 жылғы 1 қыркүйектегі жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 218 980 млн.теңге болды. Ағымдағы жылдың тамыз айына «таза» инвестициялық кіріс сомасы 8 952 млн.теңгеге немесе 1,6% өсті.

Сонымен қоса, ағымдағы жылғы қаңтар-қыркүйек айында салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына есептелген «таза» инвестициялық кіріс сомасы 63,8

млрд.теңгені құрады немесе өткен 2005 жылы (40,4 млрд.теңге) салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына есептелген «таза» инвестициялық кірістен 23,4 млрд.теңгеге көп болды.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңге)				
Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.09.2002 ж.	66,5	22,7	51,83	28,19
01.09.2003 ж.	88,1	21,6	32,48	26,79
01.09.2004 ж.	105,2	17,1	19,41	24,12
01.09.2005 ж.	140,6	35,4	33,65	24,08
01.09.2006 ж.	219,0	78,4	55,76	27,01


Көрсетілген кестеде 2005 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «таза» инвестициялық кірістің өсім қарқынының ұлғайғаны байқалады. Сонымен, 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша «таза» инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2004 жылғы 1 қыркүйектегі жағдаймен салыстырғанда 14,24 проценттік тармаққа ұлғайып және 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 2005 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 22,11 проценттік тармаққа ұлғайды.

Таза инвестициялық кіріс сомасының 2004 жылы 1,3 млрд.теңге, 2005 жылы - 3,4 млрд.теңге мөлшерінде айлық орташа өсуінде, ағымдағы жылғы қаңтар-тамызда 8,0 млрд.теңгені құрағанын атап өткен жөн.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 27,01% болды немесе үлесі шілдеде 0,37 проценттік тармаққа өсті.

Тамыз айында жалпы зейнетақы жарналарының түсуі 14 380 млн. теңгеге (2,38%) өсіп, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 618 504 млн. теңге немесе ЖІӨ¹ қатысты 7,09% болды.

Зейнетақы жарналарының, “таза” инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



- зейнетақы жарналары
- инвесткіріс
- жинақталған зейнетақы қаражаты

Ағымдағы жылғы тамызда 152 млн.теңгеге немесе 3,20%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 4 896 млн. теңге болатын, міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын өсімпұл сомасы өсуде.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарға аударымдары тамызда 962 млн.теңгеге (2,22%) өсіп, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 44 239,6 млн. теңге болды,

оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдер – 44 031,2 млн.теңге, ерікті зейнетақы жарналары есебінен – 132,0 млн.теңге, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен – 0,3 млн.теңге болды және жалпы сомасы – 76,1 млн.теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары зейнетақы аннуитет шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттар аударымы тамызда 2 984 млн.теңгеге (2,57%) өсіп, 2006 жылғы 1 қыркүйекте 119 211 млн. теңге болды.


Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 45,02%, «ҰларҮміт» - 13,66%, «Қазақстан Халық Банкі» - 10,77%, «БТА Қазақстан» - 6,71%, "ГРАНТУМ" - 5,95% және "Валют-Транзит Фонд" – 5,68% немесе осы 6 қорға аударымдардың жалпы сомасының 87,79% келеді.

Продолжает увеличиваться **сумма пени** за несвоевременное удержание и перечисление обязательных пенсионных взносов, которая по состоянию на 1 сентября 2006 года составляла 4 896 млн. тенге, увеличившись за август текущего года на 152 млн. тенге или 3,20%.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы тамызда 23 316 млн. теңгеге немесе 2,95%-ке өсіп 812 926 млн. теңге болды.

2005 жылғы 1 қыркүйектен және 2006 жылғы қыркүйек аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 18,99 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн.теңге	%-пен
1	2	3
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	66 866	8,24
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ АО	2 891	0,36
"Мұнайгаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	19 722	2,43
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	32 633	4,02
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	11 620	1,43

«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ	54 481	6,70
«Грантум» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	54 481	6,70
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	16 765	2,06
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	16 765	2,06
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	37 372	4,60
"Валют-Транзит Қоры" жинақтаушы зейнетақы" АҚ	37 372	4,60
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	144 765	17,81
«ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	144 765	17,81
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	20 181	2,48
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	20 181	2,48
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	145 039	17,84
"БТА Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	73 598	9,05
"Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	219 756	27,03
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	18 633	2,29
Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	15 470	1,90
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	812 926	100,00

2006 жылғы тамызда 18 922 млн. теңгеге немесе 2,42%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 қыркүйекте инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 801 437 млн. теңге болды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.09.2006ж.	
	млн.теңге	%-пен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	222 743	27,79
ҚР еврооблигациялары	2 949	0,37
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	179 041	22,34
Ұлттық Банктің ноттары	40 753	5,08
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	-	-
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	77 126	9,62
акциялар	1 518	0,19
облигациялар	75 608	9,43
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	54	0,01
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	63	0,01
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	10 190	1,27
Тазартылған алтын	8 064	1,01
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	354 232	44,20
акциялар	102 917	12,84
облигациялар, оның ішінде:	251 315	31,36
АҚШ долларына номинирленген	2 724	0,34
теңгеге номинирленген	248 591	31,02
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	128 965	16,09
жиынтығы:	801 437	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2006 жылғы 1 тамызбен салыстырғанда 784 млн. теңгеге немесе 0,35%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен 222 743 млн.теңге немесе 27,79% болды. Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің өсуі 2006 жылғы тамызда 15 626 млн. теңге немесе 4,61% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 2 221 млн.теңгеге немесе 1,69%-ке төмендеп 128 965 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада орналастыратынын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,01% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2006 тамызда 3 306 млн.теңге (48,02%-ке) көбейіп, 10 190 млн. теңге (1,27%) болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 9,62% болды, бұл алдыңғы есепті кезеңіндегі ұқсас көрсеткіштен 0,29 проценттік тармаққа көп.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2003 жылғы тамыздағы – 2006 жылғы тамыздағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2006 жылғы 1 қыркүйектегі номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 24,87% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат [www. afn.kz](http://www.afn.kz). Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың жиынтық меншік капиталы 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 22 108,0 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 8 501,0 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 38,45% болды. 2006 жылғы тамыз бойынша қорлардың меншікті капиталы көлемі 1 191,4 млн.теңгеге және жарғылық капиталы көлемі 166,4 млн.теңгеге өсті.

2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша қалыптасқан резервтік капиталдың көлемі 1 696,2 млн.теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 7,67% болды.

Қорлардың кіріс жиынтық мөлшері ағымдағы жылғы қаңтар-тамыз 15 580,7 млн.теңге болды, оның ішінде комиссиялық сыйақыларынан (зейнетақы активтерден және зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен) түскен кірістер 14 344,9 млн.теңге (кіріс жиынтық мөлшерінен түскен 92,07%) және шығыстар мөлшері – 6 107,5 млн.теңге, оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға және кастодиан банктерге – 1 855,3 млн.теңге немесе қорлардың шығыстар жалпы сомасының 30,38% сыйақы.

Ағымдағы жылғы қаңтар-тамызда барлық қорлар, «Д.А. Қонаев атындағы» қордан басқа (шығын - 5,5 млн.теңге), жалпы сомасы 8 326,5 млн.теңгеге таза кіріс алды (салық салығын төлегеннен кейін), соның ішінде таза кірістің ең көп сомасы мына қорларда болды: «БТА Қазақстан» - 38,75%, «Қазақстан Халық Банкі» - 34,38%, «МЖЗҚ» -9,86% және «ҰларҮміт» - 7,56% немесе осы үш қор қорлардың жалпы таза кіріс сомасының 90,55% болды.

2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 1 536,3 млн.теңге немесе қорлардың меншікті активтері көлемінің 6,50% болды.

2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша меншікті активтері есебінен қорлардың қаржы инвестициялары 15 888,4 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 71,87% болды. Ағымдағы жылдың тамызында қаржы инвестицияларының көлемі 496,9 млн.теңгеге немесе 3,23% өсті.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарына жалпы сомасы 4 012,6 млн.теңгеге (25,26%), Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 5 545,1 млн.теңгеге (34,90%), инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 3 922,8 млн. теңге (24,69%), «Кері РЕПО» операциясына жалпы сомасы 2 356,3 млн.теңге (14,83%) және инвестициялардың жалпы көлемінен инвестициялық қорлардың пайлары –51,6 млн.теңге немесе 0,32% орналастырды.